

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма
«Қазақстан Республикасындағы ла кестік және экстремизм
мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық қоры

Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Управление по делам религий города Алматы
ОФ «Центр по изучению проблем терроризма
и экстремизма в Республике Казахстан»



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты
БИШМАНОВ КӘКІМЖАН МҰРАТЖАНҰЛЫНЫҢ
60 жылдық мерейтойына арналған
**«ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИАРАЛЫҚ
СҰХБАТТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ»**
атты ғылыми-методикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
научно-методической конференции
**«СВЕТСКОСТЬ И КАЗАХСТАНСКАЯ МОДЕЛЬ
МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО ДИАЛОГА»**
посвященной 60-летию профессора кафедры
религиоведения и культурологии
Казахского национального университета,
кандидата юридических наук
БИШМАНОВА КАКИМЖАНА МУРАТЖАНОВИЧА

Алматы қаласы
2018 жыл

Редакциялық алқа:

А.Р. Масалимова, А.Д. Курманалиева, Б.Б. Мейрбаев

Техникалық редакторы:

А.Н. Карыбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры, заң ғы-
лымдарының кандидаты Бишманов Кәкімжан Мұратжанұлының
60 жылдық мерейтойына арналған «Зайырлылық және конфес-
сияаралық сұхбаттың қазақстандық моделі» атты ғылыми-ме-
тодикалық конференциясының материалдары жинағы. – Алматы:
Қазақ университеті, 2018. – 225 б.

ISBN 978-601-04-3402-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

ISBN 978-601-01-04-3402-8



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты
БИШМАНОВ КӘКІМЖАН МҰРАТЖАНҰЛЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Байтенова Н.Ж., Нуршанов А. Постсекулярлы казакстандык қоғам жағдайындағы конфессияаралық катынастар
Сатершинов Б.М., Бектенова М.К. Қазакстандағы діни дәстүр және қазіргі ислам үлгісі мәселесі.....
Байтенова Н.Ж., Рысбекова Ш.С., Саламат Т.Е. Светское законодательство и мусульманское право: сравнительный анализ.....
Бейсенов Б.К., Игисенова А. Заманауи Ресейдегі ислам және қоғам
Бейсенов Б.К., Игисенова А. Рухани жанғыру және дін саласында мемлекеттік қызметшілерді даярлау өзекті мәселелері
Рысбекова Ш.С. Религиозная секта как фактор социализации современной молодежи
Рысбекова Ш.С., Қайыржан Д.Қ. Признаки деструктивных религиозных объединений в Республике Казахстан
Габитов Т.Х., Сапарова Д.Р. Феномен китча в культурном пространстве цифрового поколения
Қантарбаева Ж.У., Камалова Ф.Б. Қазакстан халқы ассамблеясы казакстандык қоғамдағы тұрақтылық пен өзара түсіністікті калыптастырушы ретінде.....
Рысбекова Ш.С., Рысбек Т.Ж. Діни экстремизм – дінге дерт.....
Габитов Т.Х. Тюркский мир в контексте предмета культурологии.....
Қантарбаева Ж.У. Бұқаралық ақпарат құралдарының танымдық-тәрбиелік мәні
Ташбулатова М.К. Межэтническое взаимодействие: модель конфликта и модель согласия.....
Бегалинова К.К., Ашилова М.С. Особенности казахстанской модели межнационального и межконфессионального согласия: философский дискурс.....
Өмірбекова Ә.Ө. Құқықтық тәрбиедегі өзіндік сананың рөлі
Усенова З.Ж. Діни экстремизм – діни дағдарыстың нышаны.....
Бишманов К.М., Карыбаева А.Н. Экстремизм и терроризм как крайне негативное социальное явление.....
Назарбек Қ.Ж., Мұқан Н. Діни-саяси экстремизм: ұғымы, мазмұны және әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері
Исмагамбетова З.Н., Құдайбергенов С.Е. Мәдени мұраны зерттеудегі музейлік туризмнің маңыздылығы.....
Молдабеков Ж.Ж. Елдік платформасының үйлестігі, ұстанымы...

восхищаемся достижениями средневековой мусульманской культуры IX- начала XIII веков, другими словами культурой Исламского Ренессанса. В этот период, признанный Вторым учителем, аль-Фараби пишет свои бессмертные трактаты, Ибн-Сина заканчивает свой 12 томный труд по медицине, Кожа Ахмет Иасауи поднимает человеческую духовность на небывалую высоту, городская культура Центральной Азии дает самые передовые для того времени образцы материальной и духовной культуры и т.д. Исследователи этого феномена указывают на множество причин и факторов расцвета данной культуры (синтез арабской, иранской и тюркской культур, роль Великого Шелкового Пути, динамика кочевых цивилизаций того времени, цивилизационная роль ислама, духовный потенциал тенгрианства, зороастризма, манихейства и др. автохтонных религий и т.д. Но я хочу обратить внимание еще на одно обстоятельство и оно связано с переводом культурного наследия человечество. Как известно, халиф аль-Мамун в г. Багдаде, в столице Арабского халифата, способствовал к открытию Дома ученых в городе и попросил перевести на арабский язык основные сочинения древнегреческих философов и мыслителей, что было и сделано. Все это способствовало к диалогу культур и через него к ее расцвету. Начинания Президента по инициированию и реализации государственной программы «Культурное наследие» вполне можно сравнить с деяниями халифа Мамуна.

Взаимное интегрирование систем ценностей Запада и Востока не породило еще новый культурологический опыт. Доминирующие универсалии западного мира не затрагивают глубинных пластов культуры и менталитета Востока, а пока действуют лишь на уровне адаптации восточного социума к новым информационным, технологическим и социальным преобразованиям. Как провозглашает Л. Гумилев, нет народов передовых и отсталых; все большие цивилизованные народы Востока и Запада имели в своей истории полосы и стремительного движения вперед, и движения замедленного, а то и вовсе приостанавливающегося, что приводило к временному отставанию. И ни у кого нет права считать себя народом особым, превосходящим других. Каждая нация должна обладать чувством собственного достоинства, но

мания величия у нации столь же ложна, вредна и просто смешна, как и мания величия у отдельного человека.

Список использованной литературы:

1. Бахтин М. Эстетика словесного творчества. - М., 1979. - С. 363
2. Культура – сущность нации. – Алматы, 1998. - С. 75

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТАНЫМ- ДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Кантарбаева Ж.У.

*философия ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Заманалар түбінен көшін бастаған қазақтың тілі де, ділі де, діні де бүгінгі бір одақпен, не бүгінгі бір бастамамен және биік амбициямен жалғасып келеді. Бірі кіріп, бірі шығып жатқан түрлі шақтарда ұлттың ұлт болып қалу жобасы жасалады. Алайда, кейде түп тамырымызды жойып алмайтындай шаралар қолдануымыз керек. Қазіргі ұрпақ тәрбиелі болмаса, ешқашан да елге, қоғамға пайдасын әкеле алмайды, сондықтан ұлттық тәрбие халқымызға ауадай қажет. Соның бірі – ақпараттық замандағы бұқаралық ақпарат құралдары (газет-журнал, теледидар, радио және интернет). Міне, бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары – саяси процестердегі ең ықпалды құрылымдардың бірі және саяси сахнадағы негізгі құрал екендігі хақ. Ғасыр талабына сәйкес адамзат та соған қарай бейімделіп, сол арнада өз білімдерін жетілдіріп, тәрбиеленіп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік трансформациялаудағы рөлі өте зор, өйткені қоғам санасында қазіргі заман адамының өмірі мен қызметінің түрлі салтын қалыптастырады, мінез-құлық пен дүниетаным деңгейін реттейді, саяси ұстанымдарға ықпал етеді. Сол себептен де БАҚ бұқараның санасында саяси басқарудың элементі ретінде телевизиялық коммуникацияның бастауы саналады және бұл демократиялық институттың негізі болып табылатын тікелей халықтық басқарудың технологиялық шыңы. Әлеуметтік жауапкершілікке ие теледидардың әлеуметтік-саяси дамуының

аспектілері шын мәніндегі саяси мәдениеттің дамуына өз үлесін қосатыны белгілі.

Қазіргі теледидардан көптеген шоу бағдарламалар, жаңалықтар, мультфильмдер көрсетіліп жатады, соның ішінде шетел мультфильмдеріне тоқталып кетуді жөн көрдім. Сол шетелдік күмәнді идеологиялық мультфильмдерінің (Спанч боб, Маша и медведь, Сам-сам) кері әсері қаншама десеңізші?! Оның орнына отандық арналарда ұлттық, тәрбиелік, адамгершілік мәні бар мультсериалдар көбірек көрсетілсе, салт-дәстүр, ырым-тиымдарды насихаттау барысында көбірек шығарылса, бұның өсіп келе жатқан ұрпаққа берер тәлімі үлкен болмақ. Ұлттық тәрбие бүкіл бұқаралық ақпарат құралдарда 24 сағат бойы жүріп, айтылып, жазылып, көрсетіліп тұру керек. Қазір жаһандану процесіндегі Қазақстан деген егемен ел ұрпағының тәрбиелік деңгейі қандай, несімен епекшеленеді деген сауалға жауап берер болсақ, әрине қазақы болмыс пен ұлттық сананың динамикасы болғандығын жасыра алмаймыз. Ел егемендігін алғаннан бері ұлттық рухтың оянғаны бірнеше сипаттарымен көрініс берді, оған басты дәлел – ана тілінде білім алуға деген құлшыныс, жаңа дүниелерді тану ауқымы кенейіп келе жатыр. Дербес мемлекет болғалы білім беру саласы да бірнеше жанғыру, жаңару сатыларынан өтті. Әрине, жас ұрпақтың санасын қалыптастыру тек қана білім беру мекемелерінің құзырында емес, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарынан ұсынылатын материалдар, әлеуметтік ортадағы тұлғалардың іс-әрекеті, т.б. бәрі жастардың дүниетанымын қалыптастыруға негіз болады. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, ұрпақ тәрбиесіне басты назар аударылатын бағдарламалар, адамзаттарға мотивация беретін журналдар көбейіп жатқаны көз қуантады.

Қазақ – көпшіл халық, мейірбан ұлт. Ұжымдасып өмір сүруге тым жақын, сондықтан жақсылықта жанасады, жамандықта қарасады. Ата ақылын, әже ертегісін тындап өскен бала ғана мәңгілік елдің берік тірегі болмақ. Бала бойына осы ізгі қасиеттерді сіңіру – кез келген ата-ананың көңіліне қалай қонатын болса, мемлекетке әрбір азаматтың тигізер пайдасы да сондай болуы тиіс. «Тәрбие тал бесіктен басталады» - демекші, ұрпағымыздың тәрбиелі де білімді болып өсуіне әсер етіп отырған

бағдарламалардың бірі – «Балапан» телеарнасы. Телеарнаның басты ерекшелігі ол қазақ тілінде эфир таратады және де қазақстанның бірінші балалар арнасы, сонымен қатар білім мен ғылым, тәлім-тәрбиенің сарқылмас кенін насихаттау болып саналады. Өз ана тілінің мәртебесін көрсету үшін тек қана қазақ тілінде және балалардың ой-өрісін жақсарту үшін логикалық, танымдық, интеллектуалдық және т.б. мультфильмдер көрсетіледі. Менің ойымша, бұл бала кезден бастап сәбилердің бойына жақсы қасиеттер ұялатады. Осы идея негізінде көптеген ұлттық мазмұнға негізделген жұмыстар жоспарлау – ғалымдардың құзырында. Ұлттық сана қалыптастыру, ұлттық тәрбие беру, ұлттың болашағы хақында ғылыми жобалар қолға алу - болашақ ұрпаққа деген ғылыми негізде қамқорлық жасаумен тең. Біз жаңа үлгідегі заманауи технологияларды игеріп, білімі мен білігі ұштасқан «интеллектуалдық ұлт» болуға бет бұрған мемлекетпіз. «Балапан» арнасының алға қойған мақсаты да – осы келешек ұрпағымыздың тамырына рухани нәр беріп, интеллект иесі, білім мен ғылымның шыңына шығар азамат пен азаматша болып ер жетуіне ықпал жасау және дені сау, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбек сүйгіш, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

«Қазақстан» - телевизиялық, танымдық-тағылымдық, көңілашар, ойын-сауық, спорттық бағдарламалар өндірісінде көшбасшы орын алып, ұдайы даму үстінде келе жатқан үздік телеарналардың бірі. Бүгінгі таңда ұлттық телеарна эфирінде әртүрлі жастағы көрермендерге арналған жаналықтар мен ерекше ток-шоу жанрлары, танымдық бағдарламалар, қоғамдық-саяси, экономикалық хабарлар және мемлекеттік тілді дамытуға негізделген жобалар көп. Әлемдік кеңістікке көз тігумен қатар ежелгі ұлттық құндылықтарға да дендеп бет бұрған бұқара көпшіліктің көңілінен шыққан және рухани өмірі аса бай, эстетикалық құндылықтарды айрықша насихаттайтын, қазақ халқының қолданыстан шығып қалған, көне сөздерін дәріптеуге арналған бағдарламалары бар. «Қазақстан» ұлттық арнасы көрсетілімдерінің елеулі үлесі көркем фильмдер мен сериалдардың трансляциясына беріледі. Телеарна эфирі барлық фильм жанрын қазақ тілінде ұсынып отырады.

Сонау ықылым заманнан бері қай халықты алып қарасаңыз да сол елдің өсіп-өркендеу жолында баспасөз рөлі өте жоғары рөл атқаратынын білеміз. Өркениеттің көшінен калмаудың бірден-бір жолы сол ұлттың білімі мен ғылымының, әдебиеті мен мәдениетінің, сайып келгенде осының бас-қасында тұратын баспасөзінің қаншалықты дамығанына байланысты білінетіндігі шын дүние. Ел баспасөзі қаншалықты дамыған болса, елдің ертеңі мен бүгінгі де соған сай болатындығы шындық. Тарихтың талай дүрбелеңін басынан кешірген қазақ баспасөзі де бүгінгі таңға әуірімдеп жетті-ау! Сан мәрте ақсап барып, жүрелей жүріп орындарынан тұрып кеткен қазақ баспасөзі болатын. Әрине, көптеген қоғамдық-саяси газеттер мен журналдардың алдында баршамызға ыстық болып тұратын ол – «Айқап» журналы. Қазақ баспасөз тарихында журналдың алатын орны ерекше, өйткені қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірінің көптеген түйінді, көкейкесті мәселелерін көтергендігіне куә боламыз. Шын мәнісінде қазақ баспасөзін зерттеп, зерделеу еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге басталды, жалпы қазақ баспасөзінің даму жолын, соның ішінде «Айқап» журналының қоғамда алатын орнын көрсету болмақ. Халқымыздың бүкіл тіршілік болмысын, экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайын, әдебиеті мен мәдениетін, өнері мен білімін жетілдіруді жан-жақты жазумен бірге, осы бағытта үлкен түсіндірушілік, насихаттау жұмыстарын жүргізіп, қазақ қоғамының ілгері дамуына зор үлес қосқан «Айқап» журналының тарихын таныту, онда қызмет жасаған ел жанашырларының есімін елге естірту. Тамырын тереңнен тартқан тарихымен қоса мәдениеті өркендеген қазақ халқы басында өткерген ұлы оқиғалар мен әлеуметтік жолдарын ауыз әдебиеті эпостық жырлар, тарихи аңыз-әңгімелер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді. Тарихи-мәдени, әдеби дүниелерін кезінде қағаз бетіне түсіріп отырмаған қазақ халқының тасқа басылып, хатқа түскен ескерткіштерінің ішіндегі революциядан бұрынғы газет-журналдарда басылған нұсқаларының алар орны ерекше. Олардан рухани мұрамыздың бай көріністерімен қатар туған әдебиетіміздің тарихын жете білуге және оны халық тарихымен біртұтас зерттеуімізге де мүмкіндік береді.

Болашақ ұрпақтың білім алуы мен тәрбиесі, оның дамуы қашанда аса маңызды мәселелердің бірі. Жаңа ғасырға енген қазіргі кезеңде жоғары технологиялық ақпараттық қоғамның мүмкіндіктерін пайдалана отырып білім мен тәрбие беру көзделіп отырғаны жалған емес. Өйткені қоғамның қай саласында болсын жаңа технологияға кеңінен мән берудің өзі талап етіп отырған мәселе, олай болса қандай да жаңалықты қабылдауға бейім және оларды меңгеруге дайын жастардың жаңа технологияларға лайықталған білім мен тәрбие алуына ерекше көңіл бөлу заңдылық. Қазақстан Республикасы Президентінің қазақстан халқына жолдауында ел келешегі жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беру мәселесіне де баса назар аударды. Шын мәнісінде де туған тілмен қатар туған халқының ғұрпын, салт-санасын жетік білудің мәні үлкен. Әрине, бұл орайда ұлттық тәрбиенің халық даналығына берері сарқылмас, әрі бүгінгі таңда өзекті мәселе болмақ. Өткен дәуірдегі халықтың даналары – шешен-билер, жыраулар, ақындар, халықтың жоғын жоқтап, әділеттің нәрін себе отырып, болашақ ұрпағына мол тәрбиелік қор қалдырған. Халық оны сақтап, уағыздаған. Бүгінгі елбасының халыққа Жолдауы мәдени мұраны жаңғырту, еліміздің елдігін, мемлекеттің бұрынғы болған тарихын тірілту арқылы елдің болашағына жол сілтеудің негізгі бағдарламасы болып табылады. Ұрпақ тәрбиесі қай заманда болса да күн тәртібінен түспеген. Оны жақсарту біз сияқты жас тәуелсіз мемлекет үшін тіпті қажет. Біздің қоғамның болашақ иелері, мемлекетіміздің нығайып, аға буын бастаған істерді алға апарушылар – солар. Сондықтан оларды еліне, заманына сай тәрбиелеуден күш-жігерімізді аямаған абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. БАҚ материалдары негізінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.//Оқу-әдістемелік құрал, Астана, 2007ж.
2. Баспасөз және тәрбие мәселелері.// Ұлт тағытымы, 2006ж.
3. Әлеуметтік-экономикалық даму шарттарындағы білім мен ақпараттын орны. Паридинова Б.Ж., 2013ж.
4. Ақпараттық қоғам шарттарындағы тәрбие беру мәселелері, Насимов М.О., Паридинова Б.Ж., 2013ж.
5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2010ж.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ РЕТІНДЕ

Қаңтарбаева Ж.У.

*ҚазҰУ-нің дінтану және мәдениеттану кафедрасының
доцент м.а., филос.ғ.к.*

Камалова Ф.Б.

ҚазҰУ-нің PhD докторанты

Елімізде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы өзге елдерге, мелекеттерге үлгі көрсетіп қана қойған жоқ, бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін қалыптастырды. Ассамблея мүшелері қашан да Қазақ елінің ынтымағы мен бірлігін жақтап келеді. Достыққа - дәнекер, ұлағатты істерге - ұйытқы болды. Қазақстан Халық Ассамблеясы еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді.

Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

Ассамблея міндеттері:

1. этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2. халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;

3. қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;

4. азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

5. Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

6. Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады [1, б. 3].

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады. Сондықтан 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Бұл – бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді - соны түсінудің тәсілі. Бұл – болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні.

Ел Президенті еліміздегі тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Этносаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттік тіл ел бірлігін қалыптастырудың маңызды факторы болып танылған. Сондықтан да Ассамблея қызметінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту маңызды орынға ие.

Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Бүгінде Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі әлем назарын аударып отыр.

Қазақстандық үлгі Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ЕҚЫҰ-ның ұлттық азшылықтар ісі жөніндегі Жоғары комиссары

арасындағы өзара іс қимылдың негізгі бағыттарының біріне айналды. Қазақстандағы қоғамдық келісім үлгісіне қызығушылық танытушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар саны күн санап артып келеді [2, б. 6].

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады. Ассамблеяның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ассамблеяларының құрамы Қазақстан Республикасы азаматтарын - этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік өкілдерін, мемлекеттік органдар өкілдерін және қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғаларды қамтиды.

Қазақстан халқы ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты [3, б. 5].

Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Расында, Президент айтқандай, «Дамудын сыры – бірлікте, Табыстын сыры – тірлікте». Қазақты қасиетті қара шаныраққа баласақ, еліміздегі барша этностар – сол шаныраққа шаншылған уықтар. Ортақ ордамыз – Қазақстанның босағасын берік, шанырағын биік ұстап, түтінін түзу ұшыру – елдік мақсат. Сондықтан бірлік пен татулықтың, ұлтаралық достықтың символына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін бұл жыл айтулы, мерекелі жыл болмақ.

Біз – ынтымағы жарасқан елміз. Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады. Ұлы мақсатқа, «Мәңгілік елге» сапар шеккен Елбасы идеяларының өміршең болуына біз жауаптымыз. Сондықтан қазақ айтқандай, «Саусақ ашса – қылдырық, жұмса – жұдырық», барлығымыз – бір, тірлігіміз нұр болып болып қызмет етсек, асқақ асу да алынады. Біздің қоғамда ешкімнің де этностық артықшылығы жоқ және бар қазақстандықтардың заң алдында терезесі – тең, керегесі – кең. Біртұтас Қазақстан халқының бөлінбес бір бөлшегі ретінде баршамызды толғандырытын мәселе, ол – әрқайсысымыздың Қазақстанның бір азаматы ретінде ұлтаралық тұрақтылықты нығайтып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту. Біздің бәріміздің мақсатымыз бір: туған топырағымыздың, ортақ Отанымыздың, қасиетті мекеніміздің өркендеуі. Бұл – біздің ортақ табысымыз, ортақ мақтанышымыз. Сондықтан Елбасы бастамаларының өмірде шынайы жалғасын тауып, ұрпақ сабақтастығында бүкілхалықтық қолдау табуына біз әрқашан жауаптымыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ассамблеяның ресми сайты <http://www.assembly.kz/>
2. Қазақстан Халқы Ассамблеясы <http://www.assembly.kz/>
3. Қазақстан Халық Ассамблеясының қазақстандық бірлік және толеранттылық қалыптастырудағы рөлі